

Ғылыми жоба

Тақырыбы: “Сөнбес жұлдыздары”

Жұмабек Ахметұлы Тәшенев


Орындаған: Жақыпбекова Асем

Қабылдаған:

Шымкент



ТАҚЫРЫБЫ: ЖҰМАБЕК АХМЕТҰЛЫ ТӘШЕНЕВ




ӨМІРБАЯНЫ

Жұмабек Ахметұлы Тәшенев 1915 жылы 20 наурызда Ақмола облысының Аршалы ауданындағы Александровка селосында дүниеге келген (бұрынғы Целиноград облысы, Вишнево ауданы, Бабатай ауылы /Танакөл/). Бұл жер Тәшеневтер әулетінің ата-қонысы болған. Тәшеннің азан шақырып қойған аты — Тәшмұхамет. Ол өз ортасында беделі биік, көзі ашық, қадірлі кісі болыпты. Тәшеневтер әулеті Арғынның ішіндегі Қуандық руына жатады.



Тәшен (Тәшімұхамет) әйелі Гүлсім екеуі үш ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірген. Олар: ұлдары – Қасен, Манап, Жұмабек; қыздары – Бидан, Сақыш. Жұмабек Ахметұлының өз кіндігінен төрт ұл, бір қыз өрбіген. Олар: Саян, Саят, Болат, Мұрат, Алма. Ол Ақмола құрылыс техникумын бітірген. Экономика ғылымдарының кандидаты (1962 жыл) болды.

Еңбек жолын 1934 жылдан бастаған. 1934-1939 жылдар аралығында Бейнетқор аудандық атқару комитетінің хатшысы болып қызмет атқарды. 1939-1943 жылдары Ақмола облысының жер бөлімі бастығының орынбасары қызметіне көтерілді.



- *1944-1947 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы атқару комитеті төрағасының орынбасары және мал шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі қызметіне ауыстырылды. 1947-1948 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы атқару комитеті төрағасының орынбасары, 1948-1951 жылдар аралығында осы облыстық атқару комитетінің төрағасы болып бекіді.*
- *1952 жылы Ақтөбе облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығы қызметіне келді. Бұл қызметтен 1955 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы қызметіне сайланды. 1960 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағалығына тағайындалды.*



Ж. А. Тәшенев Республика басшылығында болған 6 жылда (1955-1961 жылдар) Қазақстанның экономикасы мен мәдениеті қарыштап алға басты. Оны мынадай деректермен дәлелдеуге болады. Осы жылдары электроэнергия қуатын өндіру – 2 есе, мұнай қазу – 1,6 есе, көмір қазу – 2 есе, цемент шығару – 15 есе, мақтадан мата тоқу – 5 есе, тоқыма сырт киім шығару – 3 есе, минералды тыңайтқыштар өндіру – 2 есе, аяқ киім тігу – 4 есе, мал майын шығару – 1,4 есе, өсімдік майын шығару – 2 есе өскенін ескерсек, өнеркәсіп салалары жоғары қарқынмен дамығанын көреміз.

Сол жылдары тың игеруге байланысты, егістік жер көлемі 6 миллионнан 22 миллион гектарға жетті. Ірі қара мал саны 5,5 миллион, қой мен ешкі 28, 5 миллион басқа дейін өсті.



Халық шаруашылығында 125 мың жоғары білімді, 5 мың орта білімді мамандар қызмет етті. Бес жылда 269 мың пәтер салынып, 2,4 миллион адам жаңа тұрғын үйлерге көшті. Халықтың тұрмыстық және мәдени қажеттерін өтейтін көптеген кәсіпорындар мен мекемелер іске қосылды. 6140 кітапхана, 5140 клуб, 4777 киноқондырғылар, 25 музей, 19 облыстық театрлар жұмыс істеп тұрды. Сөйтіп, халықтың әлеуметтік жағдайы, тұрмыс мәдениеті айтарлықтай жақсарды [5; 117 – 118].

1961-1975 жылдары Шымкент (қазіргі Оңтүстік Қазақстан) облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болды. 1975 жылдан одақтық дәрежедегі дербес зейнеткер. Жұмекең 1986 жылы, дүрбелеңді Желтоқсан оқиғасына бір ай қалғанда, 72-ге қараған жасында бақилыққа аттанды. Сүйегі Шымкент қаласында жерленген. Ұлты үшін ұлан-ғайыр еңбек сіңірген қайтпас қайсар жанның өмірбаяны қысқа қайырғанда осындай.



ТҮЙІН

Өмірінің соңғы жылдарында Жұмабек Ахметұлы Қаракөл ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары, ғылыми-техникалық орталық директоры қызметтерін атқарды. Осы орайда, армия генералы, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның Халық Қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетовтің: «Жұмабек Тәшенев қандай қызметте болса да ең алдымен өз елінің мақсат-мүддесінен шығатын, халықтың жағдайын ойлайтын, ұлттық мәселелерді КСРО басшыларының алдында тайсалмай қоятын. Жүрегі қазақ деп соғатын біртуар азамат еді», - деп бағалауы тегін болмаса керек [11; 6].



Қорытынды

Сөз соңында қорытындылай келе айтарым мансабымнан айырыламын деп ешкімнің алдында иілмеген, еменнің иір бұтағындай өзінің айқын ұстанған бағытынан тайып көрмеген бірегей Тұлғаның есімі қазақ деген халық барда ешқашан ұмытылмақ емес.

